


н–Олефиндер	Қос байланыстардың баяулы изомерленуі шағын қаңқалық изомерлену	Қос байланыстардың жылдам изомерленуі. Жылдам қаңқалық изомерлену
<i>Крекингтің соңғы өнімдерінің сипаттамасы</i>		
Газ	Негізінен C ₁ – C ₂ фракциясы	Негізінен C ₃ – C ₅ фракциясы
Бензин	Көп мөлшерде құрылымы нормалды алкандарды, алкендерді, диендерді құрайды	Көптеген тармақталған алкандарды және арендерді құрайды
Жеңіл газойль		Полициклді арендерге бай

Карбений иондары каталитикалық крекинг жағдайында екі түрлі негізгі реакция нәтижесінде түзілуі мүмкін: 1) катионның (протонның) қанықпаған молекулаға қосылуы және 2) бейтарап молекуладан гидрид ионының үзілуі. Протонның қанықпаған молекулаға қосылуы қышқылдың күшіне, түзілген жаңа катионды тұрақтандыратын агенттердің болуына, ортаның химиялық инерттілігіне және диэлектрлі өткізгіштігіне тәуелді. Олефиндерді протондау қос байланыстың π-электрондарын атқылау жолымен өтеді. Ол жол π-комплектің және ары қарай жаңа алкилді катионның түзілуіне әкеледі.



Ароматты молекуланы протондау жағдайында заряд сақиналы құрылым бойынша делокализденеді.

